Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

# Мұнайлы Өлке

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№11 (41), желтоқсан, 2012 жыл



# Құрметті мұнайшылар!

**Жаңа жыл қарсаңындағы ыстық ықылас пен шын пейілдегі құттықтауды қабыл алғайсыздар!**

**Жаңа 2013 жыл - жетістіктер мен жаңа бастамалар, ниеттеріңіз бен жоспарларыңыздың орындалатын жылы болсын!**

Ескі жылды шығарып сала отырып, өткен жылда көптеген бағыттар бойынша маңызды жетістіктерге қол жеткізгендігімізді атап айтуға болады. Компания жаңа технологияларды игере отырып, мұнайшылардың аянбай еңбектенуі арқасында мұнай өндіруді жоспарлы түрде арттыруда. Кен орындары қорын зерттеу бойынша соңғы жылдары үлкен жұмыс атқарылды. Басты назар аударарлығы - соңғы бірер жылдықта «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы мұнай өндіру динамикасы көрнекі көзге түсіп, үздіксіз өсуде. 2012 жылғы жоспарлы 5,9 млн. тонна мұнайды біз 5 млн 920 мың тоннадан асырамыз деп болжап отырмыз. Ал 2013 жылы өндіру межесін 6 млн. тоннадан асып түсу жоспарлануда. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бұл жақсы нәтижелерге қабат қысымы мұнай өндіру деңгейін жоғарылатуға бағытталған ағымдағы ұңғымаларға ауқымды геологиялық-техникалық іс-шараларды жүргізу нәтижесінде қол жеткізді.

Мұнай өндіру деңгейін көтерудегі негізгі әдіс ол бұрғылау болып табылады.

2012 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік бағдарламасында қарастырылған 110 бұрғылау ұңғымасының бүгінгі таңда барлығы 115-і қазылып артығымен орындалып отыр. Сәйкесінше 190 мың тонна мұнай қосымша өндірілді. Бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 176,9 % ал, 2010 жылмен салыстырғанда 261 %-ды құрайды.

2012 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кенорындарында 16 көлденең ұңғымалар бұрғыланып, қосымша мұнай өндіру 40 мың тоннадан асты.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қазақстандық заң талаптарын және алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерді ұстанады. Төтенше және апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында Компания өз жұмысшыларына қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастырып, жаңашыл технологиялар мен өндірістегі әдіс-тәсілдерді қолдануда.

Қоғам жұмысының тағы бір маңызды бағыттарының бірі – өлкенің әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту. Тек 2010-2011 жылдары Маңғыстау облысының әлеуметтік қажеттіліктеріне 5 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінсе, 2012 жылы 1 млрд. теңге *(әлеуметтік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін: балалар алаңдарының құрылысы, көшелерді асфальттау, жарықтандыру, мектептерді компьютерлермен жабдықтау ж.т.б)* жұмсалды. Компания қаражатына мектептер, бала-бақшалар салынды, мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, жолдар жөндеуден өтті және т.б.

Маңғыстау мұнайының 50-жылдығына орай Жетібай кентінде өнер мектебі Компанияның арқасында бой көтерді. 2012 жылғы екі бірдей үлкен мерекеге арнап біз облыс тұрғындары мен жұмысшыларымызға арнап екі үлкен сый жасадық. Наурыз мерекесіне Жетібай кентінен жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашсақ, қасиетті Құрбан Айтта Қаламқас кен орнынан заманауи спорт-демалыс кешенін іске қостық. Біздің кен орындардан жаңа жатақхана мен асхана салынып, құрылысы жүруде.

Біз тек өлкеде мұнай мен газ өндіріп қана қоймай, облысымыз бен Қазақстанның гүлденуі, дамуы жолында елеулі үлес қосудамыз!

2013 жылға жасақталған даму Стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде Компания Қазақстан Республикасының мұнайгаз секторын дамытудағы салмақты үлес болып табылатын өз мұнайын өндіруде мақсат етіп жылдық 6 миллиондық межені асыруды алға қойып отыр.

2013 жылы әлеуметтік бағдарламалар өз жалғасын табатын болады. Алдымен қауіпсіз және жайлы еңбек шартын жасақтауға, тұрмыс және жұмысшылардың демалысын, денсаулығын қорғауға, сондай-ақ, қызметкерлердің кәсіби өсуіне жағдай жасау, олардың жеке дамуына және зейнетке шыққаннан кейінгі лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге арналған бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталады. Біздің Компания өзінің өндірістік және адами мүмкіндіктеріне қарай «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының ұстанған лидерлік позицияны сақтап, нығайтатынына және үдемелі алға ұмтылу қозғалысын жалғастыратынына сенеміз!

***Құрметті әріптестер!***

Соңғы жылдары біз толықтай жаңа сапалы деңгейден көрінуге қол жеткіздік. Бұл нәтижеге жұмысшыларымыздың кәсіби, жауапты және еңбек сүйгіштігі арқасында жеттік. Біз Сіздерді Компанияның дамуы мен гүлденуіне қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін жоғары бағалаймыз және Бізді алда жаңа жеңістер мен жетістіктер күтіп тұрғандығына сенімдіміз!

Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақыт, мықты денсаулық тілей отырып, Жаңа Жылда бар арман-тілектеріңіздің орындалуына шын көңілден тілектеспіз!

***Құрметпен,***

***«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы***

# Құрметті әріптестер!

Сіздерді жылдық жоспардың сәтті орындалуымен құттықтаймыз. Бүгінгі таңда Қазақстанның мұнай-газ саласы елді әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканы және өнеркәсіптік өндірісті модернизациялау бойынша мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыруда өте маңызды роль атқарады.

Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында өтіп бара жатқан 2012 жылдың 1 млн. 640 мың тонна жылдық жоспары желтоқсанның 24 күні таңғы сағат 09:00 межеден бір апта бұрын сәттілікпен орындалды. Бұл жетістіктер «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында қарапайым мұнайшыдан бастап басқарма басшылығының теңдесіз еңбекқорлығының арқасында мүмкін болып отыр. Кенорында тік бұрғылау мен жер қабатын сұйықтықпен жару озық технологияларын қолданудың арқасында сәтті жетістіктерге қол жеткізілді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қызметкерлері облыс тұрғындарының әлеуметтік ахуалын жақсартуға еселі үлес қосып келеді.

Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіз, өз істеріңізге деген адалдық күнделікті міндеттерді орындап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі экономикалық жағдайда сала жұмысын жетілдірудің жаңа тетіктерін табуға көмектеседі. Сіздерге және жақын туыстарыңызға мықты денсаулық, бақ-береке тілейміз. Жылдық жоспардың сәттілікпен орындалуына Сіздер аянбай сіңірген маңдай терлі еңбектеріңіз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Қазақстан Республикасын гүлдендіру жолындағы еңбектеріңізде жетістіктер мол болсын!

***Құрметпен,***

***«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы***



# ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР, ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді келе жатқан жаңа 2013 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл жүріп өткен бір жылға баға беріп, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, серпін беретін, жақсылыққа ұмтылатын, жаңаша ойлауға жол сілтейтін ерекше сипаттағы айтулы мереке. Сондықтан да жаңа бастамаларыңыз бен еңбектеріңізге зор табыс тілей отырып төмендегі өлең шумақтарын арнаймыз:

*Қуанышпен келді міне, Жаңа жыл!*
*Біз де саған арнайықшы жаңа жыр.*
*Есік ашық, дастархандар жаюлы,*
*Қарсы алуға не керектің бәрі әзір.*

*Көтерілдік тағы да бір белеске,*
*Мұның өзі бір ғанибет емес пе?*
*Жылан жылын жайлы көрген барша жұрт,*
*Сондықтан да сенің жолың ерекше.*

*Жаңа жылда бақыт қандай, нұр қандай!*
*Бар әлемге салтанатын құрғандай.*
*Әрбір халық сөйлегенмен әр тілде,*
*Жаңа жылда бір тілекте тұрғандай!*

*Еліміз тыныш, халқымыз аман болғай, ағайын!*

**Құрметпен,**
**Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті.**





Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мереке. Ал экономистер үшін Жаңа жылдың кәсіби мереке – Экономистер күнімен тұспа-тұс келетіні - нұр үстіне нұр. Желтоқсанның 25 жұлдызында төл мерекемізді ұжым болып атап өту департаментте дәстүрге айналған. Махамбет Жулмуханович пен Лю Аньчэн басқарып келе жатқан департамент ұжымы 2012 жыл ішінде көптеген жаңалықтар мен жетістіктерге қол жеткізуде. Жыл ағымында 12 қызметкеріміз лауазымын жоғарылатуға мүмкіндік алса, 2 қызметкер тұрмыс құрып, 5 қызметкер сәбилі болды. Жұмысты да, отбасы тіршілігін де қатар алып жүрген қызметкерлеріміз өз білімдерін жетілдіруден де жалыққан емес. 4 қызметкеріміз кәсіби есепші бойынша ұлттық сертификациядан жоғары нәтижемен өтті.

Алда келе жатқан Жаңа 2013 жылы да жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстарға қол жеткіземіз деген үміттеміз. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар, қызметімізге өрлеу әкелсін!



*Қабілет берсе, қиыстыратын қиынды*
*Тәңірім қолдап, жоғалта көрме сыйымды!*
*Мұнайым мәңгі ырысым, елдің несібі*
*Пайдаланайық тиімді.*

*Ақ тілек айтып, ақтарсақ көңіл көмбесін*
*Өзге жұрт бізді бірлігі мықты ел десін.*
*Қаржыны болжап, үнемдеп қана қолданып*
*Қуаныш пенен шаттығым үнемделмесін.*

*Жаңардым жылмен, қуандым және жұбандым*
*Еңбектің қызу майданы, білек сыбандым.*
*Жылдардан жылжып, ғасырдан аман өтейік*
*Құйрығын баспай жыланның.*

**Бизнесті жоспарлау және**
**экономикалық талдау департаменті ұжымы.**

Дорогие коллеги, Департамент закупок и материально-технического снабжения поздравляет Вас и Ваших близких с наступающим Новым 2013 годом! Уходящий год, несмотря на трудности, подарил нам немало достижений и прекрасных минут, обогатил новым опытом и впечатлениями как всегда мы были вместе, одной командой, что позволило нам реализовать поставленные задачи и достичь успехов в общем деле! Пусть в наступающем году покоренных Вами вершин станет еще больше! Мы хотим, чтобы в новом году Вы в полной мере ощутили сладкий вкус побед и постоянный драйв от достижения дерзких целей. Чтобы Вы всегда достигали поставленных задач и рядом с Вами были надежные партнеры! Мы желаем Вам оптимизма, энтузиазма, эффективности, стабильности и процветания!

**Департамент закупок и материально-технического снабжения**

Дорогие коллеги! Поздравляем всех вас с наступающим Новым 2013 годом. Новый год – праздник сказочный, всегда ожидаемый и всегда любимый. Он всегда несет в себе надежду на лучшее, ожидание добрых перемен. Много событий произошло в уходящем году, радостных и не очень. Но что бы ни случилось – оно ушло и придёт новое, свежее, радостное.

Пусть наступающий год будет надежным и стабильным для Вас и Ваших близких, а мечты и цели найдут свое воплощение! Желаем покоя и уюта Вашим семьям! Ваше благополучие - залог нашего общего успеха! Счастливого Нового года, друзья!

**База материально-технического снабжения**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



## Құрметті мұнайшы әріптестер!

Сіздерді санаулы күндерден кейін аяқ басқалы тұрған Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Біз қашанда жарқын болашақтан тек жақсылықтар күтеміз. Жаңа жылда әріптестеріме зор денсаулық, мол табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақыт тілеймін. Бірде Жаңа жыл мерекесін қарсы алғанда Аяз ата болу маған жүктелді. Жаңа жылға жарты сағат қалғанда Аяз ата киімін киіп келе жатсам, көрші пәтердің алдындағы балалар қуанып ортаға алып тақпақ айтамыз деп үйге кіргізіп алды. Сол балалардың көңілін қимай Жаңа жылды солармен бірге қарсы алғаным бар. Өткелі отырған 2012 жылы еліміз кеше ғана 160-елдің ішінен EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізу бақытына ие болды. Келер жылдардан Қазақ елі талай биік белестерді бағындырады деп сенемін.

**Мұқанов Бердібек,**
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ӨЖҒЗБ-мұнай және газ өндіру инженері**




## Как долго в управлении народ не мог забыть тот старый Новый год

(история о том, как работники аппарата управления ПУ «КМГ» однажды отметили Новый год на Каламкасе).

Последние приготовления закончились. До нового года остается два часа. Днем раньше Дедом Морозом единогласно был избран на собрании аппарата управления ПУ «КМГ» Маулен Абутов – инженер СТН 1 категории ДКС.

Начался вечер, гости за столом, все давно кушают, а в это время Дед Мороз все готовится к своему выступлению - учит сценарий на 1-ом этаже нашего общежития. Уже праздник идет на всю катушку - кто танцует, кто песни поет, а Дед Мороз все в ожидании –когда же его позовут. И вот время без пяти минут двенадцать. Налито шампанское и наконец все вспомнили-а где же дедушка Мороз? А он голодный и холодный все готовится.

Побежали срочно за ним, когда стали кричать – Дед Мороз выходи – появился наконец то невозмутимый Абутов М. со сценарием в руках.

Народ рухнул со смеху. Вот так мы вспомнили про Деда Мороза.

С тех пор на нашей вахте на любой Новый год Дедом Морозом остается наш незабываемый Маулен Абутов.

Желаю – чтобы все были здоровы и чтобы над Вами сияло солнце ярче чем на Мадагаскаре, чтоб до 100 лет жили, чтоб горя не знали и чтобы дети Вас только радовали. А также мира в стране, хороших перемен в жизни и на работе, благополучия в каждой семье. А главное кавказского здоровья и долголетия.

13 августа мне исполнилось 50 лет, всей семьей отдыхали в Грузии г. Боржоми.

Побольше побед на всех фронтах, повышения заработной платы, увеличения добычи нефти и выполнения плана.



Вот и заканчивается старый 2012 год, и мы готовимся встретить новый, 2013. Все меньше и меньше остается времени, чтобы завершить важные дела, подвести итоги уходящего года. 2012 год стал благоприятным для меня, для моей семьи. Удачно складывались дела на работе. В этом году нашу группу переводчиков перевели в Отдел качества и управления проектами. Начальником нашего отдела является Караев Рустем Жаумбаевич. Приятно сотрудничать с таким порядочным, человечным руководителем! Также в моей семье произошло очень радостное событие – у меня родилась внучка Бэлла. Незабываемым стало для меня прошедшее лето. По выходным мы с мужем выезжали за город, к морю. Мне посчастливилось побывать в красивейших местах Мангышлака – на Мысе Такмак, на Темир Бабе. С трубкой и маской я погружалась в воды Каспийского моря, любовалась удивительным подводным миром. Я даже задумалась о том, не заняться ли мне дайвингом. Поживем – увидим, может, все-таки стану профессиональным ныряльщиком.

Совсем скоро наступит новый, 2013 год. Как заведено, перед Новым годом нужно рассказывать новогодние истории. Ведь известно, что как год встретишь, так его и проведешь. Поэтому все стараются провести праздник так, чтобы было что вспомнить, устроить нечто яркое и запоминающееся. Встреча нового, 2006, года, в Прибалтике, в городе Рига, навсегда останется в моей памяти. Город огней, счастливые люди, холодная и снежная ночь, фейерверки. Я прочувствовала колорит Старого города и великолепную атмосферу праздника, побаловала себя подарками и сувенирами. А согрелась я в национальном ресторане «Лидо», где увидела самую большую елку в Риге. Играла музыка, за окнами сверкали фейерверки. А какие эмоции вызвал у меня звон колоколов церкви Святого Петра!

Каждый Новый год – это историческое событие. Для всех нас – это светлый праздник, новые цели, новые надежды. Жизнь – это беспрерывный неиссякаемый источник. А жизнь человека – его отрывок. Как прекрасна окружающая нас природа, также прекрасна наша жизнь. Насколько будем мы скромны, искренне добры друг к другу, настолько благородно будет наше предназначение в нашей жизни. От нового года я жду только счастья, здоровья, успехов, любви, чего желаю и всем!

**Тенисова Татьяна Ивановна,**
**переводчик немецкого языка ОКиУП**



Мен, Ертлиев Жасан «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да 1995 жылдың тамыз айынан бері жұмыс жасап келемін. Шүкір, әзірге абыройлы, жақсы атақпен ел қатарында жүрген жайым бар. Табысым жылдан жылға өсіп, мұнайдың арқасында жанұямды асырап, балаларымды тәрбиелеп қатарынан кем қылмай өсіріп отырмын. Биылғы жыл мен үшін өте табысты, қуанышты жыл болды. Үлкен қызым жоғарғы оқуын Астанадан бітіріп келіп, жұмысқа араласып кетті. Сондай-ақ, үлкен ұлым Елордадағы Евразиялық университеттің сәулет оқу орнына түсті. Өзіміздің Акционерлік қоғамның ұжымдық шарты бойынша мекеме 50% жеңілдік жасап, ақшасын төледі. Бұл біздің жанұяға үлкен көмек болды.

Өзім жасайтын шеберхана да жуырда күрделі жөндеуден өтіп, жуынатын, киім ауыстыру бөлмелері тазарып, жұмысшылар дән риза болып қалды.

Өзім үнемі спорттық, қоғамдық жұмыстарға қатынасып отырамын. Жақында, ардагерлер арасындағы кіші футболдан АҚ-ның намысын қорғап шықтым. Мекеме арасында, ұжымдағы мерекелік спорттық шараларға жиі қатынасып отырамын. Биылғы жыл мен үшін үлкен абыройлы, сәтті жыл болды.

Келесі Жылан жылында бұдан да үлкен жетістікке жетемін деп ойлаймын, үміт етемін. Табыс молайып, ел тыныштығы бұзылмай, ынтымақтың артқанын қалаймын. Баршаңызға жаңа-жылда құт-береке тілеймін! Құтты жыл болсын!

Жастарымыз дендері сау, салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен көп шынығуын тілеймін!



Өтіп бара жатқан 2012 жыл мен үшін жақсы жыл болды, өйткені отбасымызда жақсы өзгерістер болды. Ұжымдық шарттарға байланысты жылына 1 рет денсаулығымызды жақсартуға қосымша ақы төленіп жатыр, балаларымыз көптеген сауықтыру-демалыс орындарына барып жақсы демалып қайтты, соның ішінде менің де қызым Альбина Қырымда демалып, өте тамаша әсермен оралды.

Осы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ саласында 27 жылдан бері қызмет етіп келемін, сол еңбегімді бағалап Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына төс белгімен марапатталдым.

Келер 2013 жылда бәрімізге жақсылық, құт-береке, табыс, ашық аспан, бейбітшілік тілеймін. Әрбір игі істермен жаңа бастамаларыңызға сәттілік, отбастарыңызға баянды бақыт тілеймін. Балаларымыздың болашағы зор, дендері сау болсын!

Жыл басында өзінің алдына мақсат қоймайтын адам жоқ шығар, сол көпшіліктің бірі мен. Менің де мақсаттарым көп, солардың бірі, осы атқарып жүрген қызметімде маған жүктелген жұмыстарды абыроймен атқарып, өз мекемеме кішкене де болса өз үлесімді қосу.

Еңбек көрсеткішіміз арта берсін!

Еліміздің болашағы жарқын болсын!

**Шанитбаева Гулшара Куланбайкызы**
**Қауіпсіздік басқармасы**



Новый Год – это запах елок, мандаринов, блестящая мишура, фейерверки, предпраздничная суета, какая-то общая веселая наэлектризованность в воздухе, покупка подарков «под елочку» всем родным и близким. Не столько ценится само наступление Нового Года, сколько приятные ощущения и переживания, связанные с подготовкой к его встрече, ожидание перемен в жизни, загадывание желаний под бой курантов. От всей души поздравляю всех коллег, а также родных, близких и приятных мне людей, с этим сверкающим праздником, желаю чтобы все были здоровы, счастливы, любимы, веселы, добры друг к другу, чтобы чаще были у нас премии и другие вознаграждения, чтобы был мир на Земле.

Уходящий 2012 год был наполнен разными событиями, хорошими и не очень. Наша канцелярия перешла на электронный документооборот, что было очень непросто в силу большого количества департаментов, но мы справились. У моих детей подрастают дети, они уже школьники, к сожалению встречаемся не часто, они живут в разных городах, но созваниваемся. Так что жизнь идет вперед и мы вместе с ней, и перспективы самые хорошие.

От наступающего 2013 года жду стабильности во всем, укрепления финансового положения, путешествий в экзотические места и исполнения желаний, загаданных под бой курантов.

**Степаненко Галина Аркадьевна,**
**секретарь канцелярии.**

*Асыл азамат*

# МАРҚАСҚА МАРАБАЕВ

**Өткен күннен алыс, келер күннен жақын ештеңе жоқ. Бұл дана сөздің достыққа және жай ғана емес, уақытпен жарысып, қалыптап бара жатқан кемелі достыққа да тікелей қатысы барға ұқсайды. Тай-құлындай тебісіп, қозы-лақтай секіріп дегендей, бірталай дос-жаран бірге өстік. Біреуі ерте, біреуі кеш дегендей, олардың бірқатары өмірден де өтіп кетті. Сол достарымның арасында Нәсіпқали Марабайұлы деген ардақты есім болды. Міне, өз уақытының, өз дәуірінің белгілі азаматы атанған осы досымның өмірден өткеніне де бес жыл толыпты. Ал желтоқсанның 20-жұлдызы өмірге келген күні еді.**

**Нұрлыхан БЕКБОСЫНОВ,**
**КСРО-ның Құрметті мұнайшысы**

«Артында ізі бар адамды өлді деуге болмайды» деген де дана сөз бар. Менің өмірімде де Нәсіпқали қалдырған шынайы, нағыз достықтың өшпес іздері жатыр. Соның бәрін жаныма жайлы, сағыныш тудыратын құбылыс ретінде қастерлеймін. Аға буын соңында жас буын болашақ бар екендігін де есте ұстай отырып, екеуміздің арамыздағы достықтың кейбір эпизодтарын ақ қағаз бетінде тағы бір еске түсіруді жөн көрдім.

Нәсіпқали Атырау облысының топырағында, ал мен қасиетті Маңғыстаудың жалпақ даласында өмірге келдім. Ол - қалада оқып, қалада ержеткен жігіт. Нәсіпқали екеуміз бір саланың қиындығы мен қызығын тізе қоса көтеріп, бір-бірімізге демеуші, ақыл-кеңесші болып, арамыздағы достығымызға кішкентай да қылау түсіру дегенді білмеген, бір сөзге келмеген, қимас дос болдық. Мен болашақта анықталатын оның ақылдылығы мен кемеңгерлігінің белгілерін сол мектепте оқып жүргенде бастап аңғарған едім. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ әділетсіздіктен бітіспес жау, адамға жанашыр, қамқоршы болу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруді игерді. Тіпті мектеп оқушысы бола тұра, соның арқасында ФЗУ-ға айдалып кетуден аман қалдым десем де артық айтқандық болмас дейтін. Бос уақытын көше кезіп, текке жібермесін деп ойлаған болуы керек, бір күні мені Мекебай Ғұбайдуллин деген кластас досына ертіп апарып таныстырды. «Мынадан өзің сияқты керемет күйші шығар» деп тапсырды. Сөйтіп, бұдан кейін мен Нәсіпқали, Мекебайлармен жұбымды жазбай, бірге жүретін болдым. Өкінішке қарай, менен ол екеуіндей күйшілік шықпады.

Нәсіпқали Гурьевтегі бүкіл облысқа танымал, талай атақты адамдар оқыған Жамбыл атындағы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, Мәскеудегі М.Губкин атындағы мұнай-газ институтына оқуға кетті. Мен одан бір жылдан соң Гурьевтің өзіндегі мұнай техникумына түстім. Атырау өңірінен басқа, алыстағы қалалардан оқу іздеуге шамам жетпеді. Нәсіпқали Губкин институтын бітіріп, қазақ мұнайының қара шаңырағы Ембінің (Жемнің) кен орындары - Прорва, Доссор жақта, қарапайым бұрғышыдан бастап жұмыста бай тәжірибе жинап, өз мамандығының қыры мен сырын бес саусағындай білетін шебер бұрғышы деңгейінде, 70-жылдары Маңғыстау мұнайын игеруге келді. Келген бойда оған «Өзенбұрғылау» басқармасын басқару жүктелді. Шын мәнінде, ол бұл жаңа басқарманы ұйымдастырудан бастап, оны салалық министрліктің Одақ бойынша ең көлемді де, қуатты, әрі үздік өндіріс орны деңгейіне дейін көтерді. Онымен бірге өзі де шыңдалып, осы жерде өндірістік технологияны ұтымды ұйымдастыру және сол өндірісті алға апаратын болашақ жас мамандарды таңдаумен шектеліп қалмай, оларды тәрбиелеуші ретінде танылды.

Нәсіпқали Өзенге келгенде мен де 1958 жылы Гурьев мұнай техникумын бітіргеннен кейін, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінде 6 жылдай жұмыс істедім. Ресейдің Иваново қаласында арнайы энергетик мамандар даярлайтын институттың күндізгі бөлімін бітірдім. Институттан соң Маңғыстау бойынша тұңғыш ашылған мұнай кәсіпшілігі - Өзен мұнай өндіру басқармасының энергетика жөніндегі бас маманы жұмысын атқарып жүргенмін. Сөйтіп, мектеп бітіргеннен кейінгі аралыққа 15 жылдан астам уақыт салып, досыммен осы жерде тағы да басымыз қосылып, ұзақ еңбек жолымызды Маңғыстаудың мол мұнайын игеруге жұмсадық. Нәсіпқали екеуімізбен бірге, Өзенде - Ғұбайдулин Мекебай, Алдияров Төлеп, Өтеғалиев Есбол, Ильмуханбетов Лазарь, Әжіғалиев Марат сияқты бір мектепте оқыған, балалықтың талай күлкілі сәттеріне толы кезеңдерін бастан кешкен дос-жарандарымыз да еңбек етті. Бәрімiздің Өзен кен орны басындағы еңбегіміз, тіршілік тұрмысымыз өмірімiздің нағыз қызықты да, мәнді тұсы болды.

Нәсіпқали Өзен бұрғылау басқармасына басшылықты, бұрғылауды үзіліссіз жүргізудің бірден-бір кепілі - жұмыс үстінде істен шыққан күрделі жабдықтар мен қондырғыларды тез жөндеп, қатарға қосатын қуатты техникалық базаны да аяғынан тұрғызып, өндірістің бір тұрақты тізбегіне айналдырды. Соған сәйкес бұл базаны жоғары білімді шебер мамандармен толықтырды. Ол күнде таңертең, өндіріс орнында жұмыс істеп жатқан жұмысшылар арасында болып, солардың пікірлерін өз аузынан естігенді ұнататын және естігендерін сын көзімен саралап, жұмысшыларды құрметтей де білді. Біреуге дауыс көтеру дегенді білген емес. Сондықтан өзі де қарапайым көпшілік құрметіне ие болды. Уақыт атаулымен санаспайтын, жұмысқа ерте келіп, кеш қайтатын адам болды. Таңертеңгі сағат 7-лерден бастап, барлық цехтарды аралап, одан басқарманың диспечерлік орталығына келіп, бұрғылау жұмыстарындағы бригадалардан жиналған тәуліктік жұмыс ақпараттарымен танысып, толық хабардар болған соң ғана, кабинетіне келіп кіретін. Сондықтан да оған ешкімнің жалған ақпарат беруіне батылы бармайтын. Бұған қосымша, мұнай мен газ индустриясы бойынша бұрғылаудағы прогрессивтік жаңалық пайда болса, оны сол бойда өндіріске енгізуді де назарынан тыс қалдырмады.

Бірде мен оның мынадай бір кәсіптік шеберлігінің куәсі болдым.

Түнгі үштердің шамасы болуы керек, ол телефон соғып, мені шырт ұйқымнан оятып алды да, кен орнының солтүстік- батыс ойпаты аталатын аланның шет жағында қазу жүргізіп жатқан бұрғы мастері В.Несветайловтың №52-топтық қондырғысында авария болғандығын айтып, «забойдағы қазу құралдары энергиядағы үзілістің салдарынан ұсталып, шықпай қалғанға ұқсайды» деді. Басқарманың аварялық жұмыстар жөніндегі мастері Аман Қараевты да жол-жөнекей алып, үшеуіміз ұңғыма басына келдік. Бізді Несветайлов қарсы алып, ол «әлі ток жоқ» деп реніш білдірді. Барған бойда мен оның себебін анықтап, көп ұзамай электр энергиясы берілді. Бұрғы мастерлері Несветайлов пен Қараевтар қондырғының бұрғылау тұтқасында бір-бірін алмастырып, ұсталып қалған бұрғылау құралын шығаруға ұзақ әрекет жасады. Соның арасында таң да атты. Сәске түске таман кен орнында іссапарымен жүрген «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі Бас директорының бұрғылау жөніндегі орынбасары Авилов ұңғыма басына келді. Ол келгеннен кейін де бұрғы аспаптарын құтқарып алу әрекеттері тиісті нәтиже бермеді. Мен Нәсіпқалидың



Нәсіпқали Марабаев

басын шайқап, мастерлердің жұмысына көңілі толмай тұрғанын аңғардым. Енді бір сәтте ол бұрғы басындағы қосалқы мамандарға тиісті тапсырмаларын беріп, содан соң мастерлерге барып, өзара ымдасып сөйлескеннен кейін, Несветайлов пен Қараев маңдайларының терін сүртіп, шетке ығысты да, олардың орнына енді Нәсіпқалидың өзі барып, бұрғы станогының тұтқасын қолына алды. Содан ол ұсталып тұрған бұрғы аспаптарын әрлі-берлі жұлқылап, жарты сағат шамасында шығарып алды. Авилов екеуіміз Нәсіпқалидың қажет болса қиналмастан бұрғышы орнына - бұрғышы және мастердің орнына - мастер болып тұра қалатынына бір жағынан таңғалсақ, бір жағынан риза болдық. Сонда бірлестіктің жоғары лауазымды өкілі, ұлты басқа адам Нәсіпқалидың өз ісінің нағыз шебері екендігін көзімен көріп: «Біздің өндірісімізде Марабаев сияқты өз кәсібіне терең берілген және оның құпияларын түсіне алатын хас шеберді табу қиын» деп айтқаны, менің әлі есімде.

Бір күні «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бас директоры В.Тимонин де Өзенге келіп, Теңге газ кені орнында шыққан өртке байланысты мені шақырып алып, мұнда электр энергиясының үзіліссіз беріліп тұруын қамтамасыз етуді және апат жойылғанша сол жерден кетпеуді тапсырды. Бұл ұңғыма қазып жатқан жерден газ атқылап, оның арты алапат өртке айналып кеткен-ді. Тимониннің нұсқауымен апат болған ұңғыма басына мұнай-газ саласының талай мамандары да жиналғанды. Араларында Нәсіпқали да болды және оның сол жердегі іс-қимылдарына қарап, ұңғымадағы апатты жағдайды жою жұмыстарын ұйымдастыру соған тапсырылғанын түсіндім. Оның басқаруымен тындырылған жұмыстардың ең бастысы, өрт шыққан ұңғы бағытында көлбей бұрғылау жүргізіп, сол арқылы арнайы ауыр ерітінді айдап, газды тығындау еді. Нәсіпқали бұл ұсынысының дұрыстығын да осы қауіпті өртті сөндірумен дәлелдеп, сонымен бірге осы тәсіл және техниканы ұтымды пайдалана білуі жиналған мамандар үшін оның инженерлік есептерінің қатесіздігін дәлелдейтін тәжірибе де болды. Сол жерде жиналған өндіріс басшыларына арнап сөйлеген сөзін бірлестік басшысы Виталий Тимонин: «Мен ұзақ жыл «Татнефтіде» түрлі жұмыстарда болған адаммын. Онда да талай білімді әрі шебер мамандармен кездесіп, қызметтес болдым. Бірақ солардың арасында мына «Өзенбұрғылау» басқармасының басқарушысы Марабаевпен, оның тез қимылдайтын, төтенше мәселелерді жедел шеше алатын қабілетімен салыстыруға тұрарлық адамды есіме түсіре алмай тұрмын. Маңғыстау мұнай бірлестігінде Марабаевтай өндіріс басшылары барында менің ұйқым да тыныш болатынына сенімдімін» деп аяқтағанын да құлағыммен естіп, көзіммен көріп едім.

«Өзенбұрғылау» басқармасы Нәсіпқали басқарған тұстарда Батыс Сібір мен Тюменнің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарымен социалистік жарысқа қосылып, сала министрлігі, тіпті Одақ бойынша да жарыс жеңімпазы тұғырынан түспейтін. Олардың бұрғышы мастерлері айта берсе, тіпті қатарынан екі станокте жұмыс істеу тәсілін де бірінші болып игерген-ді. Соның нәтижесінде терең бұрғылау шапшаңдығын, соған сәйкес бұрғышылардың жалақысын едәуір арттыруға да қол жеткізді. Сол кезде алдыңғы қатарлы бұрғылау бригадаларының ондай озаттарын «двухстаночниктер» деп атады. Сөйтіп, жер қойнауын терең бұрғылау шапшаңдығы жағынан Нәсіпқалидың шебер мастерлерінен алға шығушылар болған емес. Ол өндірісте жоғары табыстарға ие болудың кепілі - сол өндірістің тірегі болып табылатын еңбек адамдарына жағдай жасай білуде деп ойлады, олардың жанұясы, баспанасы дұрыс, тамағы тоқ болуларын жете түсіне алды. Ол қаланың қоғамдық тамақтандыру, сауда мекемелері және өз басқармасының күшін біріктіре отырып, әрбір бұрғылау бригадасының штаттық кестесіне аспазшыларды да қосып, бригада сайын асхана ұйымдастырып, мұнайшылардың жұмыс басында тамақтануын жолға қойды. Ал ол тұста бұрғышы бригадалардың саны да аз емес еді. Олар бірде 25 болса, кейде 30-ға жететін. Сондай-ақ, әр бригада құрамында да осыншама жұмысшы болды. Сол кезде Өзен кен орнында қазылған ұңғылардың 3-3,5 мыңы, яғни 70 пайызы Нәсіпқали басшылық еткен тұста қазылғандар. Бұрғылау жөнінен одақтық рекорд жасап, танымал болған мұнайшылар да Нәсіпқали басқарған осы Өзен бұрғылау басқармасында ұшталған еңбек адамдары еді. Атап айтқанда олар: А.Еремин, В.Несветайлов, Т.Қадыров, Ғ.Әбдірзақов және тағы басқалары. Солардың ішінде А.Еремин мен Т. Қадыровтар Социалистік Еңбек Ері атанып, Ғ.Әбдірзақов Ленин орденімен наградталды.

Институт бітіріп келген жастарды өндіріс басқаруға үйрету Нәсекеңнің тағы бір өзіне ғана тән қасиеті еді. Оларды іріктеп, лайықты жерлеріне орналастырып, әркімді білім, қабілетіне қарай сатылап көтеріп отырды. Кейін олардың бірқатары мұнайлы Маңғыстаудағы бұрғылау өндірістерін басқарды. Олардың қатарында Қойшыбай Үсенов, Дайын Назарбеков, Нұрлыбек Иманбаев, Амангелді Максимовтарды атар едім.

Маңғыстау өңірінің, соның ішінде, әсіресе, Өзеннің ауа райы өте қатыгез, адам төзгісіз қиын. Жазы аптапты ыстық, қысы бет қаритын қара суық. Дауылды жел, қысы-жазы шаңды боран. Ерекше жетіспейтіні - су. Жеті қабат тереңнен май шығару үшін де, мұнайшыларға сусыз далада сәнді қала тұрғызу үшін де, ең алдымен су керек. Бұны бәрі де түсінетін және бәрі де осы мәселенің түбегейлі шешілуіне мүдделі болды.

Міне, осындай жағдайда еңбек пен тіршілік құрып жатқан тұрғындардың ауыр жұмыстан кейін бойларын жазып, демалуын ұйымдастыру қиынның қиыны екендігіне қарамай, қолдан келген барлық мүмкіндікті сол мақсатқа жұмылдыруға тырысатынбыз. Тағдырдың Нәсіпқали екеумізді алдымен бір мектепте оқытып, одан еңбек жолымызды да бір жерде түйістіріп, сол еңбекте шыныктырып, өміріміздің көпшілігін кен орнын игеру, жаңа қала салып, оны өркендетуге жазғанына ризамын. Нәсіпқали Мәскеуде мұнай-газ институтында оқып, Атырау өңірінің мұнай кен орындарынан Өзенге келгенге дейінгі аралықта, менің мұндағы өмірбаяным, мұнай фонтандарының бұлақ көзін бірінші ашқан бұрғышылармен бірге басталды. Ол кезде біздерді қасиетті Маңғыстауға «бірінші жол ашушылар» деп атады. Одан әрі Жаңаөзен қаласының іргетасына алғашқы текше метр бетон құйылуының да куәгері болып, өсіп, ержеттік. Қаланың қала деген атаққа жеткеніне дейінгі аралықта, баршасымен бірге, Нәсіпқали да, мен де суығына тоңып, аптап ыстығына күйдік, қаталап шөлдедік. Бірақ бәріне де төздік.

Мен ол кезде Жаңаөзен қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы міндетін атқаратынмын. Бұған дейін тек өндіріс мәселесімен шұғылданып келсек, енді бұған мұнайшылар мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайларына қатысты проблемалар да қосылды. Мұндағы өндірісті өрістетіп, одан әрі дамытуды қаржыландыратын тек Одақтың салалық министрліктері болды. Ал олар әлеуметтік объектілер туралы сөз қозғасақ болды, айтатындары: «ең алдымен мұнай өндіру, содан қалғаны ғана әлеуметтік мақсатқа» дейтін еді. Бұдан кейін жағаласып жүріп, ауысса үнемдеуден түскендер және ішкі резерв дегендерді халық мүддесіне жаратуға тырысқаннан басқа не амалымыз бар. Соның өзінде де Нәсіпқали Марабаев сияқты өндіріс басшылары қолдап, шын ықыласымен көмек көрсетпесе, ойластырған жоспарларымыздың жүзеге асуы екіталай болатын. Әділдігін айтар болсақ, мүмкіндігі бар өндіріс басшыларын халық қамы жолындағы осындай қиындықтарды жеңуге жұмылдыра алуының арқасында, қаланың көптеген әлеуметтік проблемаларын ойдағыдай шешуге қолымыз жетті. Солардың бірқатарының тікелей ұйымдастырушысы әр уақытта Нәсіпқали Марабаев болғандығын мақтан тұтамын. Оның бұл тұрғыдағы халық алдындағы ақеділ еңбегі ұшан-теңіз.

Бір мысал: Өзеннен 60 шақырымдық жердегі теңіз жағасында, адам тұрмайтын Кендірлі деген жер болатын. Бірде Нәсіпқали қоярда қоймай мені тікұшақпен сонда алып барды. Келсек, жағада екі қабатты жаңа үй пайда болыпты. Басқарманың бұрғышылары мен жұмысшылары, балаларын ортаға алып, рақаттанып теңізге шомылуда. Үйге кірсек, бірінші қабаттың жартысы асханаға бөлінген екен, онда буы бұрқырап, түскі ас дайындалып жатты. Ал жоғары қабатта екі орындық бөлмелер, ішінде аппақ көрпе төсектер жиналған жиһаз қойылған. Нәсіпқали маған: «Егер қаламен екі ортаға асфальт жол сала алсақ, онда бұл жер теңіз жағасындағы нағыз саяжайға айналар еді» деді. Жастау кезіміз емес пе, бұны көргеннен кейін: «несі бар, айтсақ болды, жол салынады» деп, іске кірісіп кеттік.

Қалалық комитеттің мәжіліс залына жиналған өндіріс басшыларының бәрі бұл бастамаға толық қолдау көрсететінін қуаттаған соң, әрқайсының экономикалық мүмкіндіктеріне қарай, біреуіне - бір, біреулеріне - 1,5-2 шақырымнан бөліп беріп, 60 шақырымдық асфальт жолды осылай халықтық әдіспен салып алдық. Сөйтіп, қала тұрғындарының жұмыстан кейін бір сағатқа жетпейтін уақытта теңіз жағасына жетіп, демалуларына мүмкіндік туды. Бұған қосымша Кендірліде пионерлер лагері, демалыс үйлері және басқалары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптады. Ал бұл күнде теңіз жағасындағы Кендірлі заманауи талаптарға сай, айта берсе шетел басшыларын қабылдау мәртебесіне ие теңіз саяжайы болды.

Нәсіпқалидың елге, халыққа деген қамқоршылығы ерекше болатын. Жаңаөзен қаласының салынуына байланысты Ескіөзен (Қызыл сай) елді мекені иесіз қалған кезде, сонда тұратын 3500 адамның қамы үшін Нәсіпқали сол елді мекеннің коммуналдық шаруашылығын өзі басқарып отырған «Өзенбұрғылау» мекемесінің мойнына алуы, сол кездері Жаңаөзен қаласында балалар бақшасының жетіспеушілік проблемаларын шешуде, қалалық оқу бөлімінің басшысы, белгілі ұстаз Сақыш Қарабалинаның ұсынысына орай, алғашқы уақытта мұнайшылар үшін салынған, қазірде бос тұрған үш үлкен жатақхананы 6 жастағы балалар бақшасына пайдаланудағы істеген істері, Ескіөзен мен Теңге елді мекендерінде тұратын мұнайшылардың мал жайылымы мәселесін шешудегі, Жаңаөзен қаласының қасынан облыста жаңадан құрылған үш совхоздың орталығын салудағы істеген еңбектері естен кетпейді, ел есінде.

Нәсіпқалидың Маңғыстау облыстық партия комитетінің өндіріс жөніндегі хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы болған кездердегі, Бозашы түбегіндегі Қаражанбас, Қаламқас мұнай кен орындарын игеруде, Маңғыстау облысындағы Одақтың әртүрлі министрліктерінің мекемелерінің жұмыстарын бір жүйеге келтіріп, тез арада кен орындарын іске қосудағы жасаған жұмыстарынан оның өндіріс жүйелерін басқаруды жақсы меңгергендігі көрініп тұратын.

Сондай-ақ, Нәсіпқали Маңғыстау облысы Атырау облысымен қосылғалы жатқанда (1988 жылы), Ақтау қаласында салынып жатқан облыстық аурухана комплексінің Маңғыстау еліне өте қажет екендігін ескеріп, облыстың таратылуына байланысты сол комплекстің құрылысын тоқтатпау үшін маған «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің балансына алғызудағы әрекеттері, оның елге деген жанашырлығын айқын көрсетіп тұратын.

Енді кез келген газет көлемінің шектеулі болатындығына байланысты, бұл тұста Нәсіпқалидың ұлағатты өміріндегі естен кетпес оқиғаларды түгел қамтып, баяндау да мүмкін емес. Кеңестік тәртіп тұсында әрбір ұжым, әрбір жауапты қызметтегі адамнан өзіне тиісті өкілдік шеңберінде ғана жұмыс істеп, қаражат саясатын да тек белгіленген мақсатта жүргізуі қатаң талап етілетін. Соның бәрін - партиялық бақылау, халықтық бақылау, мемлекет қауіпсіздігі, прокуратура және басқа толып жатқан құрылымдар кірпік қақпай күзететін. Соған сәйкес кейде мекеменің пысықтау басшыларының - қаланы көркейту, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын түзету, мектеп, балабақша салу сияқты ұлағатты істерде сақтықты ұмытып кетіп, жоғарыда аталғандардың қармағына түсіп қалу фактілері де болып тұратын. Ал «олар қаражат жымқырушы емес, халық қамы үшін жүр» деп дәлелдеп, ақтау қиынның қиыны, тіпті кейде мүмкін де болмай қалатын. Жаңаөзен қалалық партия комитетінің хатшысы ретінде, мен соның бәрінің де куәгері болып, тікелей араластым. Оны айтасыз, менің өзім де сондай қармаққа ілініп қалып, Нәсіпқали досымның арқасында одан әрең босанғаным бар. Мұндағы менің кінәм - басшылармен келісе отырып, одақтық Мұнай-газ құрылысы министрлігінің Жаңаөзендегі құрылыс тресінің кеңсесін алып, онда медицина училищесін ашуым еді.

Сөз соңында айтарым, Нәсіпқали осындай азамат еді. Бұл естелігімде пайдаланғаным екеуіміздің арамыздағы жолдастықтың кейбір өшпес іздері ғана. Оның ұлағатты өмірінің әрбір жолы, әрбір ізі өзірге жазылмай жатқан дастан. Енді биылғы 2012-ескі жылмен қоштасар алдында, Нәсекеңнің отбасында жұбайы Ләйлә және ұлдары Ермек пен Жақып, қыздары Сәуле мен Светаны, булардан өрбіген немерелерін ортаға алып, жора-жолдастары, тіпті шәкірттерімен бірге, оның туғанына 75 жыл толуын тағы да еске аламыз деп ойлаймын. Нәсекеңнің жанұясы да - өнегелі мұнайшылар әулеті. Оның ұстаздығы мен тәрбиесінен өткен шәкірттері, қосшы балаларының өзі қазір зейнеткер, қазақ мұнайының құрметті ардагерлері. Сезімтал адам ғой, нарықтық замандағы зейнеткер мұнайшылардың өміріне көпшілік жағдайда жаны да қиналатын. Содан ол Алматыда мұнай-газ өнеркәсібі ардагерлеріне қамқорлық көмек көрсететін «Мұнайшы» қоғамдық қорын ұйымдастырды. Бұл күнде оны кезінде Нәсіпқалидың қосшы балаларының бірі болған, алғашқы кен ашушы, республикамызға белгілі геолог Сайлау Жылқайдаров есімді азамат басқарады. Қордың затын атына сай етіп, жұмысын жақсы жүргізуде және қордың іргетасын қалаған Нәсіпқали дәстүрін одан әрі лайықты жалғастыруда.

2006 жылы Нәсіпқали Маңғыстауға оралып, облыс әкімшілігі оған өңір ардагерлері кеңесінің төрағасы міндетін жүктеген-ді. Қиын-қыстау кезеңдерде Маңғыстау облысының іргетасын тұрғызып, нығайтуға өздерінің саналы өмірлерін жұмсаған ардагерлердің бүгінгі тіршілік-тұрмысын өз көзімен көрді.

Бұл күндері Нәсіпқалиды сағынамын, оның жарқын бейнесі көз алдымнан кетпейді. Қайран Нәсіпқали, жатқан жерің жайлы болсын, елің тыныш, артыңдағы жанұяң, балаларың аман болсын деп тілеймін.

*«Айқын» газетінен*

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



**Ұлу жылы – үлгілі.
Ұлу жылы жайма-шуақ
мерекелі де берекелі
жыл болды.
Жылан жылы – жайлы.**

Сәтсіздіктер өткеннің еншісінде қалып, өкпе-реніштер ұмытылып, достық пен сүйіспеншілік дәуіріне жол ашылғай. Барлық бастамалардың бағы жанып, сүйікті ісіңіз қанағат әкелсін, жаңа білімдерге, жаңаша тәжірибеге, биік кәсіптік белестер мен асқар асуларға жетелесін! Алдағы жыл әр адамның жұлдызы жоғарылап, абыройы артуына мол мүмкіндіктер туғызып, өмірімізді мәнді оқиғаларға, татулық пен жасампаздыққа толтырғай! Баршамыздың тасымыз өрге домалап, отбасылық бақытқа кенелейік, жан жылылығына бөленейік!

**Мен барша Қазақстандықтарды Жаңа жылмен құттықтаймын!**

**Тажибаев Нурпеис,
салықтық және өзге де бюджетке міндетті төлемдерді
есептеу тобының аға бухгалтері**



*Вдруг как в сказке скрипнула дверь,
Оказался Я «замом» теперь.
Но на этом жизнь не стоит,
Как всегда она бурно кипит.*

*Уходящий год был хорош,
Новый рынок сбыта принес.
Наша нефть открывает дверь -
От Китая до Европы теперь.*

*Год прошел для нас как – «Кино»
Режиссеры менялись - «одним за одно»
Дарын, Сатжан, Досымбек и Дуньцян,
Не удивлюсь – если придет Джеки Чан.*

*А теперь у нас «крыша» Чиань Чунь
Он крепче чем сам - Само Хунг.
Изучая каждый день - язык(китайский) Хань
Сулейменов может стать - Бакыт Чань.*

*В ДМиСН коллектив молодой,
Как кочевники степи родной,
Нам легко всегда переезжать,
С двенадцатого, через шестой во второй.*

*Мы теперь как Правление – «Круты»!
Мы поймали удачу волны.
Ну и что, что сидим мы в «Орде»,
Но зато на восьмом этаже.*

*А теперь, мы поздравим – Друзья
Как одна большая семья:
Дружно встретим мы Новый год,
Который счастье нам всем принесет!*

*Удачи! С Новым 2013 годом!*

**Департамент маркетинга и
сбыта нефти**

## Дорогие коллеги!



Коллектив **Транспортного департамента** поздравляет Вас с наступающим Новым годом! Мы желаем всем Вам стабильности и благополучия, любви и согласия в Ваших семьях, крепкого здоровья Вам, Вашим родным и близким! Пусть этот год Водяного Дракона принесет в Ваши дома счастье и удачу, творческий подъем и успех во всех Ваших начинаниях и конечно же материального благополучия! Наряду с этим мы бы пожелали Вам построения новых смелых планов, веры в исполнение светлых надежд и волнующих ожиданий. Прошедший 2012 год был для всех нас относительно спокойным, единичные нестыковки в бюджетном планировании транспортного обеспечения были урегулированы оперативно и безболезненно для производства. В этом заслуга упорного и кропотливого труда всех работников Общества, результат четкого взаимодействия и слаженности структурных подразделений Общества с коллективом Транспортного департамента. С твердой уверенностью можем заявить, что мы завершаем 2012 год с хорошими показателями и продолжим свою деятельность по бесперебойному и качественному обеспечению производственных управлений кондиционной спецтехникой, руководство департаментов и служб комфортабельными транспортными средствами, насколько позволят нам рамки бюджета на 2013 год.

Счастливого Нового года, да здравствуют нефтяники Казахстана!



Мен **Ходжаев Бисенғали** 1966 жылы Түркменстанда дүниеге келдім. Содан 1968 жылы ақпанда Маңғыстауға қоныс аудардық. 1987 жылдан бастап «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның ПЖПЖ цехында жұмыс жасап келемін. Слесарь-жөндеуші мамандығынан бастап, қазіргі таңда осы Цехтың шебері қызметін атқарамын. 1999 жылы Қазақстан мұнайына 100-жыл толуына байланысты төс белгімен марапатталдым. Жанұямызда жолдасым Кубышова Сәуле және Шаттық, Айгерім деген екі баламыз бар. Әкеміз Ходжаев Кульча Ұлы Отан соғысының ардагері. 1968 жылдан зейнеткерлікке дейін «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да құрылысшы болып жұмыс жасаған. Осы шағын отбасымыздың атынан баршаңызды жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Еліміз аман, жер бетінде бейбітшілік болсын демекпін!

## Дорогие коллеги!

Поздравляю всех с наступившим Новым годом. Желаю Вам в Новом году успехов в работе, благополучия в семье, в воспитании детей. Чтобы все желания исполнялись, на пути встречались только добрые и отзывчивые люди, чтобы слезы на глазах были только от счастья, а улыбку приносил каждый новый день, и она никогда не сходила с лица!



Я с Новым годом поздравляю,
Вас, коллеги! В этот час
Быть гибким, как Змея, желаю
И уклоняться каждый раз

От неприятностей и грусти,
Удачу навсегда поймать!
Пускай печаль тебя отпустит,
Чтобы тревог совсем не знать!

**Мурачева Тазкира Вахитовна,
Ведущий бухгалтер группы
по управлению материального обеспечения и ГСМ**

**Геология және кен орындарын пайдалану департаментінің барлық Геолог әріптестерімiздің атынан барлық мұнайшыларды жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз.
Жаңа 2013 жыл көркейіп-көбею, өсіп-өну, мақсат-мұраттарға жету жылы болсын!**

Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен жаңа жоспарлар, асқақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мерекеміз. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілейміз. Бұл 2013 жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды.

Келер жылда отбасыңызға құт-береке, қызметіңізге өрлеу тілейміз. Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, бақытыңыз баянды, көңіл-күйіңіз тамаша болсын. Алдағы 2013 жыл Сізді тек оң өзгерістерімен, ұмытылмас сәттерімен, қызықты кездесулерімен қуантсын. Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша мұнайшыларымызға бейбіт өмір, тыныштығы мол жақсылықтар тілейміз.



Сонымен қатар, барлық мұнайшыларды «Геология және кен орындарын пайдалану» департамент басшыларының атынан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық қызметкерлер мен жұмысшыларымызды, Жаңа 2013 жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер мол табыстар тілейміз.

Сіздерге жұмыстарыңыздың келешекте де Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосып жатқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысты да берекелі болуына тілектестік білдіреміз .

Дендеріңіздің сау, еңбектеріңіздің жемісті болып, қызметтеріңізге тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге жүрекжарды тілегімізді білдіреміз!

## Құрметті мұнайшылар !

Жылыстаған жылдармен жылжып есен-сау жүре берейік!

Көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлаған Жаңа Жыл құтты болсын. Бауырымыз бүтін болсын, жақындарымыз аман жүрсін!. 2013 жыл ырыс пен ынтымақтың, береке мен байлықтың, бейбітшілік пен бақыттың жылы болғай! Аялы арманымыз орындалып, жүректер жылудан айрылмасын!.

**Құрметпен Қауіпсіздік қызметінің экономикалық қауіпсіздікті
қамтамасыз ету бөлімі қызметкерлері.**



Мен **Кошанова Динара Амангелдіқызы** «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да 2011 жылдың қараша айынан бері жасап келемін. Жоғарғы оқу орнын бітіріп, өндірістік технологиялық бөлімінде стажер болып келдім. Сол бөлімде Жарылғасов Қуанбай ағай, Сансызбаев Бағзат ағай, Құрманбаев Бауыржан, Кенжебаева Айман апа, Утесинова Жанбала апа, Нұрадинов Нұрсұлтан сияқты аға-апаларымыздан үлкен тәлім-тәрбие, өндірістік құжаттардың орындалу тәртібі жөнінде үлкен тәжірибе жинақтадым.

Биылғы жылы мен үшін жақсы болды, сол біліктілігімнің арқасында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның «Мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау» учаскесінің есепшісі болып ауыстым. Сол ұжымда абыройлы, жақсы, ортаға сыйлы еңбек етіп келемін. Ең басты жаңалығымның бірі өзімнің өмірлік жан-жарымды кездестіріп, тұрмыс құрып Қазақстанның жас жанұя қатарын толықтырдым.

Келер жылан жылында елімізде тыныштық, отбасымыз аман, жан-жағымыз бүтін, мұнайымыз көп, көңіліміз тоқ болып, ашық аспан аясында жүре берейік!

Жылан жылы жақсылық көп болғай, құт-берекелі, ырысты-несібелі жыл болғай!



## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ САЯХАТ

Жаңа жыл санамызда қалыптасқан айтулы мереке. Мұсылман қауымының жаңа жылы – Наурыз, айтса да күнтізбенің басы болып саналатын Жаңа жыл мерекесі жаңа жыл кезеңін көрсетеді.

Мен үшін Жаңа жылды қарсы алу дәстүрі ата-анаңнан ұзап, ересек кезеңге аяқ басқан кезден басталатын өмір жолында қалыптасты десем болады. Менің өмірімдегі Жаңа жыл мерекесі студент шақтан бастау алады. Студенттік шақ, ауылдағы орта мектепті бітіре салысымен, ҰБТ-дің нәтижесінде мемлекеттік грант иегері ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне биология факультетінің «Биотехнология» мамандығы бойынша оқуға түсіп, Алматым қайдасың деп тартқан жол - он жылға созылды.

Сол жылдары Алматыда Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған студенттер ортақ кезеңді бастан кешірдік. Ал студенттердің бар амалы, ол курстас достарды жағалап, Қазақстанды аралау болатын. Осылайша «білім алудың арқасында» жаңа жылды ерекше өткізу мәселесі де, қыдыру мәселесі де бірден шешіліп жататын еді. Жаңа жылды тойлаумен Алматы облысының Жаркент қаласы, елордамыз Астана мен ең ірі көмір бассейні бар Қарағанды қалаларына танымдық саяхат жасаған кездер естен кетпейді.

Әркез көңілді, жылы еске алатыным 2004 жылғы жаңа жыл. Бұл жолы Ұлы Қытай елімен шекаралас жатқан Жаркент қаласына жол тарттық. Бұл сол өңірдің тумасы болып келетін құрбы қыздың үйіне алғаш барған кезіміз болатын. Ең бірінші әсерім, сол жақтың табиғаты болды - биік таулардың шыңында шағылысқан аппақ қар, денеңді шымырлататын ызғар суық пен қыс лебі сезілетін таза ауа. Жаңа жылды осындай табиғат аясында қарсы алғаныма қуанамын. Жұмбақ өлкенің беймәлім құпиясын «білсем екен, көрсем екен» деген ой жетегіне ілесіп, жаңа жыл қарсаңында Жаркент қаласын аралап, қала тарихымен танысып, табиғаты мен ескерткіштеріне таң-тамаша қалыстық. Таң қалдырғаны 1892 жылы қытай сәулетшісінің басқаруымен тянь-шань шыршаларынан құрастырылған және бір де бір шегесіз салынған Жаркент мешіті 100 жылдан астам уақыт өтсе де алғашқы түпнұсқасында көркем қалпында сақталғаны болды. Осылайша, ешбір салқынды байқамай жаңа жылдың жаңа таңын жаңа арман-тілектермен қарсы алдық.

Жаңа жыл – бұл Жаңа күн, Жаңа өмір! Қай-қайсымыз болсақ та осы мерекелік кештен келесі Жаңа жылға дейін жүрегімізге есте қалатындай бір сезімді себелейміз, ол сезім бізді келесі жылға дейін үмітпен жетелеп отырады. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт, береке, ырыс алып келсін! **Ертегіге елітер осы ғажайып кезеңде барлық асыл армандарыңыз орындалсын, құрметті әріптестер!**

**Кожалакова Айнаш,
Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау
және қоршаған ортаны қорғау
департаментінің инженері**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Твердохлебов Владимир Павлович – 3 қаңтар, ПҚЖПЦ, газбен кесуші
Өтепов Жарасбай – 20 қаңтар, ТҮШЦ, ғимараттарға кешенді қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жұмысшы

## 55 жас

Тазабекова Рәзила Қарабатырқызы – 14 қаңтар, ТҮШЦ, үй күтушісі
Жаңаев Төребек Кенжебайұлы – 19 қаңтар, ҚҚ, күзетші
Тастеміров Жалғасбай – 20 қаңтар, ТҚ, ЕжҚОҚД, инструктор
Қазиев Мұқан Тұрғанбайұлы – 22 қаңтар, ӨД, 6-разрядты слесарь-жөндеуші
Атаниязова Санзия – 24 қаңтар, МГӨБ-4, техник-геолог

## 50 жас

Жалмағанбетова Зоя Өмірзаққызы – 1 қаңтар, ПҚЖПЦ, дозиметрист
Тастілекова Тәрбия Шаймарданқызы – 1 қаңтар, ТҮШЦ, диспетчер
Булеубаев Асылбек Әзімбайұлы – 1 қаңтар, ҚД, топ басшысы
Гумаров Роберт Қыдырсиықұлы – 1 қаңтар, САжМТЖД, инженер
Мельниченко Рита Михайловна – 1 қаңтар, ӨД, нығыздаушы
Елемесов Нұрғали Сұлтанұлы – 3 қаңтар, ҚД, көлік жүргізуші
Сағынтаев Серік Таңатқанұлы – 6 қаңтар, МӨДТЦ, электргаз дәнекерлеуші
Есетова Доғдырхан Есетқызы – 8 қаңтар, ТҮШЦ, үтікші
Абдирова Фатима Латифовна – 9 қаңтар, ӘМжӘДД, мейірбике
Шектібаев Нұрлан Қалдымұрзаұлы – 13 қаңтар, МГӨБ-1, мұнай және газ өндіру операторы
Сатанов Марат Кенжебайұлы – 14 қаңтар, МГӨБ-3, мұнай және газ өндіру операторы
Наурыз Абыл Тапайұлы – 14 қаңтар, ҚҚ, инспектор
Хибасов Арыстан Сахиұлы – 15 қаңтар, ҚҚ, инспектор
Бозахарова Зәуре Түсіпқызы – 20 қаңтар, ӘМжӘДД, дәрігер-терапевт
Беков Ерболат Қарақожанұлы – 22 қаңтар, ҚД, автоколонна бастығы
Жаңабергенов Сағидолла Жаманқараұлы – 26 қаңтар, сорап құрылғыларының машинисі
Батыршаев Мұрат Боранбайұлы – 28 қаңтар, ӘМжӘДД, инженер

## Жаңа жылыңызбен!

*Әр жыл дүбір берекеме, көктен әнін салдыртып,*
*Ақ аспаннан ақ аттарын, арқыратып қарғытып.*
*Аяз ата - Ақшақармен келе жатыр бақ тілеп,*
*Жаңа жылмен жерімізді, жарқыратып, жаңғыртып.*

*Нұрландырып жерімізді, ақ ұлпаңмен бөледің,*
*Әжеміздің жаулығындай, ақ жамылды терегім.*
*Шаңғы теуіп, шана сүйреп, қар сабасқан у-шу мәз,*
*Сағындырған балаларды - осы еді ғой керегі.*

*Тереземе қырауымен салды әсем өрнегін,*
*Күміс сақал абыз атам, тамашаны көр деді.*
*Далада аппақ, қалада аппақ, дүниенің бәрі аппақ,*
*Аққу, қазым, шағалалы, ақ толқын мен тербелді.*

*Жапалақтап қар жауады, нұр жауғандай төбемнен,*
*Әр ұлпаға қуаныш пен бақыт нұрын бөлеген.*
*Аппақ қар ол кіршіксіз, ақ ниеттің белгісі,*
*Адамдардан жарқылдаған ақ ниетті көрем мен.*

*Ескі жылмен қоштасамыз, жаңа жылды қарсы алып,*
*Аяз ата, Ақшақар мен шырша айналып, ән салып.*
*Думандатып түнгі аспанға от шашулар шашылған,*
*Шалқимыз да, шаттанамыз, тамашалап тамсанып.*

*Берекелі құтты болсын, құтты болсын , жаңа жыл!*
*Нұрға толы жаңалықпен басталмақшы жаңа күн.*
*Тағаттана әлем күткен осы бір сәт минутты,*
*Менің дағы 12-ге таяп қапты сағатым.*

*Жазы, көктем, күзім алтын, қысым менің аппақ қар,*
*Бұл 12 ай бізге ыстық қылығымен ерекше.*
*Шат көңілді, ақ пейілді, ақ жарқынды адамдар,*
*Жаңа жылда жетейік біз, биік-биік белеске.*

*Баршаңызға тілеймін мен әлемнің бар асылын,*
*Бақытыңмен жүзе бер, алға жарқын ғасырым.*
*2013 – жыл молшылық келеді жемісті,*
*Адамдар мол жемісті жинауға асығың.*

*Қанатов Қ. М.,*
*"ОТК" ЖШС жүргізушісі*




*Маңғыстау!*
*аманбысың туған жерім,*
*Кіндік кесіп, кір-қоңды жуған жерім,*
*Асыр сап бала кезде күліп-ойнап,*
*Белді шешіп, көбелек қуған жерім.*

*Маңғыстау-атамекен, өр қонысым!*
*Алтыным, жарқынымсың тек бір өзің,*
*Тектілік келбетіңе сән келтірген*
*Сен үшін жаралғандай пәк сезімім,*

*Маңғыстау-әнім де сен, сәнім де сен*
*Жүректі сансыз жырмен тербеп өтем.*
*Толқыған Қарт Каспийдің жағасында,*
*Сырласам, өзіңменен ойға кетем.*

*Жаныма саялатқан таң самалын,*
*Құшақ жая мен тағы қарсы аламын.*
*Арманым өзіңде бар, қиялдарым*
*Жолдаймын сәлемімді жұртыма мың.*

*Шерқала шыңдарынан сан қарадым,*
*«Маңғыстау» - деп мың мәрте қайталадым.*
*Өсе бер, көркейе бер туған жерім,*
*Осы еді ғой бәрінен аңсағаным.*

Мені қартайтпайтын-АНАМ, дәм-тұзым таусылған күні қойнына кіре салатын-ПАНАМ, биліктінің, дәулеттінің алдында басымды имейтіндей еткен –ДАЛАМ, өзіңнен басқа жерде жүргенде сиынып күш-жігер алатын –БАБАМ, туған Отаным-қастерлі де қасиетті мерекеңмен!!!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ғұмырлы болғай!

***Жаннат Кемал***

## Пожелание Гульжан Досановой!

*Управлять, принимать решения, нести ответственность - обычно эти качества ассоциируются у нас с мужчиной.*

*Но Вы показали всем, что женщина-начальник может справляться не хуже, Вы – тот человек, который уверенно и стремительно ведет всех к намеченной цели! Вы - настоящий лидер и мозговой центр нашего коллектива! Вы принимали ответственные решения и создавали комфортный микроклимат в нашем коллективе! Мы выражаем Вам свое искреннее уважение и от всего сердца поздравляем Вас с повышением и новой должностью.*

*Желаем открывать для себя все новые и новые горизонты, которые памогут Вам сделать реальностью любую мечту и чтобы все ступени вашего восхождения были успешными, цели - высокими, победы - блистательными! Мы знаем и ценим Вас и Вашу неутомимую энергию, целеустремленность, требовательность к себе и специалистам, постоянное совершенствование, умение работать в команде, отзывчивость и доброту, силу духа и порядочность. Выражаем глубокую благодарность за Вашу работу на благо и процветание АО «Мангистаумунайгаз»*

*Пусть удача, счастье и крепкое здоровье никогда не покидают Вас и ваших близких! Нам будет искренне не хватать вашего мудрого руководства.*

*Коллектив ДЗиМТС*




Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Л.Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
22 ш/а.
тел: 750750
Тапсырыс:
736